

**Доскабулова Дария Толеукызының**  
**6D110200 – «Қоғамдық денсаулық сақтау» мамандығы бойынша**  
**философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған**  
**«Батыс Қазақстан қалаларының балалары мен жасөспірімдерінің**  
**денсаулығы және оны сақтау мен нығайту бойынша іс-шаралар әзірлеу»**  
**тақырыбындағы диссертациялық жұмысына**  
**АҢДАТПА**

**Зерттеу тақырыбының өзектілігі**

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев – 2022 жылды «Балалар жылы» деп жариялады: – «Мен Мемлекет басшысы ретінде өскелең ұрпақтың болашағына баса мән беремін. Жастарға зор үміт артамын. Жастарымыз атқарылып жатқан ауқымды жұмыстың, реформалардың игілігін міндетті түрде көреді. Олардың арасында көзі ашық, көкірегі ояу, ойы ұшқыр азаматтар аз емес. Біз өскелең ұрпаққа жол ашу үшін барлық жағдайды жасауымыз керек. Балалар - мемлекетіміздің жарқын болашағының кепілі. Сондықтан, 2022 жылды – «Балалар жылы» деп жариялаймын. Бірінші кезекте билік тарапынан балаларды қорғау үшін денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қолдау бағытында нақты шаралар қолға алынуы керек. Өскелең ұрпақтың үйлесімді дамуы мен бақытты балалық шағы – біздің жалпыұлттық міндетіміз», – деді Мемлекет басшысы. Бұл жылды балалар мен жасөспірімдерді қорғау мақсатында ең алдымен билік тарапынан денсаулық сақтау, білім беру және әлеуметтік қамтамасыз ету саласында нақты іс-шаралар жасалуы керектігін айтты. Қазақстан Республикасында балалар мен жасөспірімдердің денсаулығын сақтау мен нығайту әрқашан басты назарда тұратын маңызды істің бірі.

Дүниежүзілік Денсаулық Сақтау Ұйымының (ДДСҰ) – «Денсаулық - 2020» стратегиясында өскелең ұрпақтың денсаулығын сақтау мен нығайту өзекті, маңызды, әлеуметтік-экономикалық және саяси мәселе болып табылады. Денсаулық сақтау саласында әлеуметтік және экологиялық детерминанттардың балалар мен жасөспірімдердің денсаулықтарына тигізетін әсеріне қатысты мәселелерді шешу басты орын алады. Болашақ еңбек ресурстары мен мемлекеттің демографиялық негізін айқындай отырып, балалар мен жасөспірімдердің денсаулығы ерекше мәнге ие. Балалар мен жасөспірімдердің денсаулығы, дамуы мәселесі қазіргі қоғамның маңызды мемлекеттік міндеті болып қала береді. Балалар мен жасөспірімдердің денсаулығының қалыптасуына өзінің өмір сүру салты, экологиялық жағдай, әлеуметтік-экономикалық, тұрмыстық факторлар аурушаңдықтардың дамуына әкеліп қана қоймай, денсаулық сақтау жүйесіне жүктеме ауыртпалығын арттырады.

Соған орай, Дүниежүзілік Денсаулық Сақтау Ұйымының (ДДСҰ) балалар мен жасөспірімдер денсаулығына әсер етуші әртүрлі медициналық емес детерминанттарды анықтай отырып, олардың денсаулығын жақсарту шараларын құру үшін дәлелдер базасын әзірлеуді және синтездеуді қолдады. Жас ұрпақтың денсаулықтарын нығайту және жақсарту мақсатында тиімді саясатты бағдарламалар мен тәжірибені ұсыну үшін Дүниежүзілік Денсаулық

Сақтау Ұйымының (ДДСҰ) қазірде 51 ел қолданатын Health Behaviour in School-aged Children (HBSC) әдіснамасы бойынша 11,13,15 жастағы мектеп жасындағы ер балалар мен қыз балалардың денсаулығына қатысты қалыптасқан мінез-құлық, психикалық денсаулық, аурушандық шағымдары, зиянды әдеттер, физикалық белсенділік, тамақтану тәртібі, әлеуметтік ортасы, денсаулығы мен әл-ауқаты жағдайын зерттеуді ұсынды.

Қазақстанда салауатты өмір салтын қалыптастыру саясатының басым бағыты болып табылатын балалар мен жасөспірімдердің өмір салтының қауіп факторларының таралуы ұлттық кең ауқымды зерттеулердің құрамдас бөлігі болып табылады. Салауатты өмір салтын қалыптастыру мәселелері Ұлттық орталығы мен Қоғамдық денсаулық сақтау Ұлттық орталығымен (ҚДСҰО) жүргізілген зерттеулер Қазақстанымызда балалар мен жасөспірімдер арасында артық дене салмағының жоғары дәрежеде екенін анықтады. Көптеген елдерде жүргізілген ұлттық зерттеулер бойынша тағамдануы бойынша майлар мен трансмайларды жоғары деңгейде тұтынатындығын анықтады, бұл семіздік көрсеткіштерінің жоғарылауына, адамдардың өмір сүру ұзақтығы мен өмір сүру сапасының төмендеуіне әкеледі делінген.

Жетекші факторларды анықтау мақсатында, эпидемиологиялық зерттеулер жүргізіп, 11,13,15 жастағы балалар мен жасөспірімдердің өмір салты мен денсаулық көрсеткіштерін анықтап қана қоймай, 11,13,15 жастағы балалар мен жасөспірімдердің аурушандығы мен қолайсыз экологиялық факторлардың, яғни, атмосфералық ауаның ластану көрсеткішінің әсері, сонымен қатар, балалар мен жасөспірімдердің денсаулығын сақтау мен нығайтуға бағытталған іс-шаралар бойынша Батыс Қазақстан аймағында кешенді зерттеулер жүргізілгендігі туралы ешқандай ақпарат жоқ.

Осыған орай, Дүниежүзілік Денсаулық Сақтау Ұйымының (ДДСҰ) әдіснамасына сәйкес, Батыс Қазақстанның Ақтау, Ақтөбе, Атырау және Орал қалаларының 11,13,15 жастағы балалары мен жасөспірімдерінің денсаулығы мен әл-ауқатына әсер ететін кейбір медициналық емес детерминанттарды анықтап, денсаулық жағдайына баға беріліп, денсаулықтарын сақтау мен нығайтуға бағытталған алдын-алу іс-шараларын ұсыну және енгізу туралы докторлық диссертациялық жұмыс жүргізілді. енгізу туралы докторлық диссертациялық жұмыс жүргізілді.

**Зерттеу мақсаты** – Батыс Қазақстан қалаларының балалары мен жасөспірімдерінің денсаулығын қалыптасуын кешенді зерттеу негізінде денсаулықтарын сақтау мен нығайтуға бағытталған іс-шаралар әзірлеу.

#### **Зерттеу міндеттері**

1. Балалар мен жасөспірімдердің денсаулығы мен әл-ауқатына медициналық емес детерминанттардың әсерін анықтау;
2. Балалар мен жасөспірімдердің денсаулығын бағалауда медициналық құжаттамасына негізделген аурушандығына зерделеу жүргізу;
3. Балалар мен жасөспірімдердің аурушандығы мен атмосфералық ауаның ластану индексі арасындағы байланыс дәрежесіне баға беру;
4. Балалар мен жасөспірімдердің денсаулығын сақтау мен нығайту бойынша іс-шаралар әзірлеу және тиімділігін бағалау.

## **Зерттеу әдістері**

Аналитикалық, ақпараттық-аналитикалық, мазмұнды талдау элементтері статистикалық, сипаттамалық.

## **Зерттеу нысаны**

Батыс Қазақстанның Ақтау, Ақтөбе, Атырау және Орал қалалары; мемлекеттік жалпы білім беретін мектептер – 5,7,9 сыныптар; 11,13,15 жастағы балалар мен жасөспірімдер.

## **Зерттеу пәні**

Балалар мен жасөспірімдердің денсаулығына медициналық емес детерминанттар мен экологиялық факторлардың әсерін анықтап, денсаулықтарын сақтау мен нығайтуға бағытталған іс-шаралар әзірлеп ендіру.

## **Қорғауға ұсынылатын негізгі қағидалар**

1. Батыс Қазақстан қалаларында тұратын 11,13,15 жастағы балалар мен жасөспірімдердің кейбір медициналық емес детерминанттар, атап айтқанда, тамақтану тәртібі мен сипаты, зиянды әдеттер денсаулықтары мен әл-ауқатына әсері бар. Тамақтануындағы жүйелі бұзушылықтар - таңғы асты тұтынбауы, көкөністер мен жемістерді жеткіліксіз тұтынуы, зиянды тағамдарға бейімділік түрінде және жанама түрде салмақ-бой көрсеткіштерінің ДДСҰ нормативтеріне сәйкес келмеуі түрінде көрінеді.

2. 11,13,15 жастағы балалар мен жасөспірімдердің зерделенген аурушаңдықтары бойынша бірінші орында - тыныс алу жүйесі аурулары, екінші - ас қорыту жүйесі аурулары құрады. Соған орай, балалар мен жасөспірімдердің денсаулық жағдайын нығайту шараларын жасау үшін дәлелді базаны әзірлеу негіз болды.

3. Зерттелген қалалардың көпшілігінде 2012-2021 жылдар бойы 10 жыл ішінде атмосфералық ауаның ластануының өсуі тұрақты тенденция сипатына ие. Атмосфералық ауаның ластану индексі (Atmospheric pollution index - API) 11,13,15 жастағы балалар мен жасөспірімдердегі тыныс алу жүйесі ауруларымен айтарлықтай байланысты, сондай-ақ, ас қорыту жүйесі аурулары бойынша да оң корреляция бар.

4. Балалар мен жасөспірімдердің денсаулықтарын нығайтуға ықпал ететін Мектеп құру жөніндегі іс-шаралар, атап айтқанда: құрылған Мектеп комитеті шеңберіндегі мұғалімдер, ата-аналар мен оқушылар арасындағы тығыз өзара іс-қимыл, оқыту тренингтері, тамақтану мәселелері бойынша базалық және бақылау сауалнамаларын дайындау, оқушыларға дұрыс тамақтану бойынша жоғары тиімді қағидалары енгізіліп, қалыптастырылды.

## **Зерттеу нәтижелерінің негізі сипаттамасы**

1. HBSC сауалнамасы бойынша медициналық емес детерминанттарды зерттеу нәтижелері: зерттеу жұмысы барысында сауалнама нәтижесінде оқушылар аптасына қанша рет жемістер мен көкөністерді тұтынатыны, балалар мен жасөспірімдер таңғы асты қаншалықты жиі ішетіні анықталды. Жемістер мен көкөністерді тұтыну құрылымында респонденттердің негізгі бөлігі ер балалар тұтынатыны анықталды. Тамақтану сипатының бұзылуы зерттелген топтар арасында жемістер мен көкөністер тұтынудың төмен деңгейімен байланысты болды. Ер балалардың таңғы ас пен жеміс-жидекті тұтыну жиілігі

төмен болды. Қалалар бойынша жемістер мен көкөністер неғұрлым көп тұтыну Орал қаласы, одан кейін Ақтөбе қаласы, Ақтау қаласы және Атырау қаласы кұрады. Дене салмағының динамикасын зерттеу бойынша қалалар тұрғысынан алғанда, Орал қаласының балалары мен жасөспірімдері өз дене салмағымен ең төмен дәрежеде қанағаттанады. Ақтауда сауалнамаға қатысушылар өз салмағымен қанағаттанды. Атырау қаласының оқушылары өз салмағына аса риза болды. Ақтөбе қаласының балалары мен жасөспірімдерінің көпшілігі өз салмағын өте арық деп санайды, деп атап өтті. Екі жыныс бойынша 11 жастағы балаларда артық салмақ байқалады. 13 жастағы балалар арасында тек Ақтөбе қаласының қыз балалары ДДСҰ нормативтеріне сәйкестігі анықталды, қалғандарында жынысына қарамастан артық салмақтың болуы анықталды. Ақтөбе және Орал қалалары бойынша 15 жастағы ер жасөспірімдерде ДДСҰ нормативтеріне сәйкес, қыз балаларда - артық салмақ та, салмақ тапшылығы да (Орал) салыстырмалы сәйкестік байқалады. 11 жастағы балалар арасында, негізінен, қыз балалар мен ер балалар арасында барлық қалаларда өсу нормативтерінің біршама артуы байқалады.

2. 2012-2021 жылдар аралығында ХАЖ-10 бойынша (қан жүйесі аурулары, эндокриндік аурулар, жүйке жүйесі аурулары, көз аурулары, тыныс алу жүйесі және ас қорыту жүйесі аурулары) ең көп кездескен 6 класс бойынша аурушандығы зерттелді: Батыс Қазақстанның барлық төрт қаласында балалар мен жасөспірімдер арасында аурулардың таралуын ретроспективада зерделеу он жылдық бақылау кезеңі ішінде мынадай тәуелділікті анықтады: - бірінші орынды тыныс алу жүйесі аурулары, - екінші орынды ас қорыту жүйесі аурулары, - үшінші орынды көз аурулары, - төртінші орынды қан жүйесі аурулары, - бесінші орынды жүйке жүйесі аурулары, - алтыншы орынды эндокриндік аурулар алды. Ер балалар мен қыз балалар арасында ауру деңгейінде айтарлықтай айырмашылықтар анықталған жоқ.

3. АРІ атмосфералық ауаның ластануының интегралды көрсеткіші екені белгілі. Атмосфералық ауаның ластану индекcін есептеу орташа жылдық концентрация шамалары бойынша жүргізіледі, сондықтан АРІ ұзақ мерзімді - "созылмалы" - ауаның ластануын көрсетеді. Регрессиялық талдау барлық қалаларда, Оралдан басқа, АРІ-нің одан әрі өсу үрдісінің басым екенін анықтады. Корреляциялық талдау нәтижелері бойынша тыныс алу жүйесі аурулары бар Ақтау қаласы бойынша барлық жас топтарындағы балаларда; эндокриндік аурулары бар Ақтау қаласы бойынша барлық жас топтарындағы балаларда; Ақтау қаласы бойынша 13 жастағы және Атырау қаласы бойынша 11 жастағы балаларда - қан жүйесі аурулары АРІ көрсеткіштерімен неғұрлым күшті өзара байланыстар анықталды; Атырау қаласы бойынша эндокриндік бұзылыстары бар 13 жастағы балаларда; Ақтөбе мен Ақтау қалалары бойынша 13 жастағы балаларда - ас қорыту жүйесі аурулары бар; Орал қаласы бойынша 15 жастағы жасөспірімдерде - жүйке жүйесі аурулары кездесті. Регрессиялық талдау зерттелетін қалалардың балалары мен жасөспірімдерінде аурушандық деңгейінің атмосфералық ауаның ластану индекcіне статистикалық маңызды тәуелділігінің болуын анықтауға мүмкіндік берді: Ақтау қаласында тұратын 11 жастағы балалар арасында эндокриндік аурулармен аурушандықтың

тәуелділігі, 13 жастағы балалар Ақтау қалада тұратын арасында тыныс алу жүйесі және ас қорыту жүйесі ауруларымен байланысты. Жалпы, регрессиялық талдау нәтижелері бойынша АРІ жоғарылаған кезде аталған аурушаңдықтар одан әрі өсуін сақтықпен болжауға болады.

4. 11,13 және 15 жастағы (5,7,9 сыныптар) балалар мен жасөспірімдер арасында құрылған Мектеп қызметінің тиімділігін сынақтан өткізу (апробациялау) Комитет мүшелері үшін мотивациялық іс-шараларды әзірлеуге мүмкіндік берді. Оқыту іс-шараларын өткізу оқушылардың тамақтану әдеттерінің өзгеруіне ықпал етті; мектеп оқушыларының таңғы асты үнемі тұтынуы үштен бірге өсті; жемістер мен көкөністерді күнделікті тұтыну жақсарды; фаст-фудты тұтыну төмендеді; дүкендегі тәттілерді тұтыну төмендеді; газдалған сусындарды пайдалану төмендеді. Комитеттің іс-шараларды іске асыруы оқушылардың тамақтануы мәселелері бойынша Мектеп ортасының өзара іс-қимылын жақсартуға мүмкіндік берді. Оқытылатын сыныптарда дұрыс тамақтану туралы хабардарлық артты. Қосымша маман - диетологты тартумен байланысты Комитет функцияларын жалғастырудағы болашақ қажеттіліктер, сондай-ақ денсаулық туралы сауаттылықты арттыру мәселелері бойынша оқушылар мен мұғалімдерді ынталандыруды одан әрі жетілдіру айқындалды. Жалпы, мектеп оқушыларға дұрыс тамақтануды сауатты қалыптастыруға мүмкіндік берді, осылайша өзінің тиімділігін дәлелдеді.

#### **Диссертациялық жұмыстың ғылыми жаңалығы. Алғаш рет:**

Медициналық емес детерминанттар мен экологиялық факторлардың аурушаңдыққа әсерін ескере отырып, Батыс Қазақстанның Ақтау, Ақтөбе, Атырау және Орал қалаларында тұратын 11,13,15 жастағы балалар мен жасөспірімдердің денсаулық жағдайына салыстырмалы кешенді талдау жүргізілді.

Атмосфералық ауа сапасының нашарлау үрдісімен байланысты қоршаған ортаның техногендік ластануы алғаш рет 11,13 15 жастағы балалар мен жасөспірімдердің денсаулық жағдайының көрсеткіштерімен тығыз байланысты екені анықталды.

Батыс Қазақстанда алғаш рет 11,13,15 жастағы балалар мен жасөспірімдердің мінез-құлық ерекшеліктерін, тамақтану тәртібін, сондай-ақ мұғалімдер, ата-аналар және оқушылар тарапынан дұрыс тамақтану саласындағы мотивациялық сипатын енгізу негізінде оқушылар арасында денсаулық туралы сауаттылықтарын арттыру бойынша Мектеп құруға негізделген тәсілдің тиімділігі сынақтан өткізілді (апробацияланды) және дәлелденді.

#### **Тәжірибелік маңыздылығы**

Балалар мен жасөспірімдерге медициналық емес детерминанттардың әсерін бағалау мектептердегі оқу-тәрбие процесін сауықтыру және балалар мен жасөспірімдердің денсаулығын сақтау мен нығайту жөніндегі кешенді іс-шараларды дайындауға мүмкіндік берді. Зерттелген аймақтардың атмосфералық ауасының ластану жағдайын бағалау балалар мен жасөспірімдердің денсаулығына әсерін анықтап, санитарлық-гигиеналық іс-

шараларды әзірлеуді ұсынуға мүмкіндік берді.

Оқу-тәрбие процесін сауықтыру бойынша мектеп оқушыларының денсаулығын нығайтуға және тағамтану саласы бойынша сауаттылығын арттыруға ықпал ететін Мектеп Батыс Қазақстан аймағының мектептерінде енгізілді. Алынған нәтижелер бойынша мектеп оқушыларының денсаулығы мен өмір сүру сапасына байланысты мониторингі жүйесі тұжырымдамасын әзірлеу мен жетілдірудің қосымша элементі бола алады, балалар мен жасөспірімдердің денсаулығын сақтау мен нығайту саласындағы мемлекеттік саясатты одан әрі дамытуға ықпал етеді және оларды денсаулық сақтауды дамытудың аймақтық бағдарламаларын іске асыруда пайдалануға болады.

Мұғалімдер, ата-аналар және мектеп оқушыларының өздері осы бағыттағы күш-жігерді біріктіру арқылы мектеп базаларында балалар мен жасөспірімдердің психологиялық-әлеуметтік денсаулығын арттыруға бағытталған бағдарламаларды әзірлеу орынды болып табылады.

Атмосфералық ауа сапасының сипаттамасы және аймақтық аспектідегі аурушандық көрсеткіштері санитарлық-гигиеналық және экологиялық мониторинг жүргізудің тиімділігін арттырудың алғышарттарын береді. Мектеп оқушыларының физикалық, психикалық, әлеуметтік денсаулығын сақтау мен нығайтуға және балалар мен жасөспірімдердің денсаулығы туралы сауаттылығын арттыруға бағытталған ведомствоаралық іс-қимыл қажеттілігі туындайды.

#### **Докторанттың жеке қосқан үлесі**

Докторант диссертациялық жұмыс тақырыбы бойынша отандық және шетелдік әдебиет көздерін өз бетінше талдады. Зерттеу жұмысы барысында, зерттеу объектілері Батыс Қазақстанның Ақтау, Ақтөбе, Атырау және Орал қалаларында мектеп жасындағы балалар мен жасөспірімдердің денсаулыққа қатысты мінез-құлықтарын зерттеу жөніндегі сауалнама жүргізді. Балалар мен жасөспірімдердің аурушандық деңгейіне салыстырмалы талдау жүргізді. Атмосфералық ауа сапасының балалар мен жасөспірімдер денсаулығына әсерін бағалады. Жалпы білім беретін мектеп үлгісінде оқушылар арасында денсаулықтарын нығайтуға ықпал ететін Мектеп әзірледі және сынақтан (апробация) өткізді. Статистикалық өңдеу жүргізді. Диссертацияның барлық бөлімдері, зерттеу мақсаттары, міндеттері мен бағдарламалары, материалды жинау және өңдеу, диссертацияның негізгі қағидалары, қорытынды мен тәжірибелік ұсынымдар автормен өз бетінше тұжырымдалған және жазылған.

#### **Қорытынды:**

1. HBSC сауалнамасы бойынша зерттелген қалалардың балалары мен жасөспірімдерінде тамақтану мәдениетінің төмендігі байқалды. Ер балалардың 6,5% және қыз балалардың 6,0% таңғы ас ішпейді. Жемістер мен көкөністерді тұтыну құрылымы респонденттердің негізі бөлігі оларды аптасына 2-4 рет тұтынатыны анықталды. Артық салмақ Ақтау қаласының қыз балаларынан басқа барлық қалаларда екі жыныс бойынша 11 жастағы балаларда байқалды ( $p < 0,05$ ). Бой өсу көрсеткіштері бойынша ДДСҰ нормативтерімен сәйкессіздік байқалды. 13 және 15 жастағы ер балалар арасында кейбір өсу тапшылығы бар ( $p < 0,034$ ). Жалпы, Қазақстан Республикасының бастауыш сынып

оқушыларынан бастап балалардың семіздігін болдырмаудың бақылау стандартталған жүйесі жоқ және оны жергілікті жерлерде ұйымдастыру қажет.

2. Батыс Қазақстанның барлық төрт қаласында балалар мен жасөспірімдер арасында аурушандықтардың таралуын зерттеу он жылдық бақылау кезеңінде: бірінші дәрежелі орынды тыныс алу жүйесі аурулары, екінші орынды ас қорыту жүйесі аурулары, үшінші орынды көз аурулары құрады. Тыныс алу жүйесі ауруларынан басқа да аурушандықтарда өсу тенденциясы анықталды. 15 жастағы жасөспірімдер арасында Ақтау және Ақтөбе қалаларында эндокриндік аурулар бойынша орташа жылдық өсімі ең жоғары көрсеткіштер 6,1%-дан 12,5%-ға байқалады.

3. Барлық қалаларда, Оралдан басқа, АРІ-нің одан әрі өсу үрдісі басым. Тыныс алу жүйесі аурулары Ақтауда барлық жас топтарындағы балаларда; эндокриндік аурулары бар Ақтаудағы барлық жас топтарындағы балаларда АРІ көрсеткіштерімен ( $R \geq 0,7$ ,  $p < 0,05$  деңгейінде) неғұрлым күшті корреляциялық байланыстар анықталды. Ақтауда тұратын 11 жастағы балалар арасында эндокриндік аурулармен аурушандықтың тәуелділігі анықталды ( $R^2 0,61$ ,  $p < 0,038$ ), Ақтауда тұратын 13 жастағы балалар арасында тыныс алу жүйесі және ас қорыту жүйесі ауруларымен АРІ тәуелділігі анықталды ( $R^2 0,72$ ,  $p < 0,001$ ;  $R^2 0,69$ ,  $p < 0,001$ ). Жалпы, АРІ өскен кезде Ақтаудағы аталған аурушандықтар одан әрі өсуін сақтықпен болжауға болады. Модельдердің болжамдық мәні тексеру жүргізілмеген соң, бұл модельдер бойынша болжам туралы пайымдаулар тек шартты болуы мүмкін.

4. Денсаулықты нығайтуға ықпал ететін Мектеп құру бойынша әзірленген іс-шаралар оқушылардың тамақтану әдеттерінің өзгеруіне ықпал етті: үш сыныпта да таңғы асты тұрақты тұтыну үштен бірге өсті ( $p < 0,001$ ), оқушылар жемістерді күнделікті тұтынуы 49,0% жақсарды, фаст-фуд пен газдалған сусындарды тұтыну азайды ( $p < 0,05$ ). Ақуыздарды, көмірсуларды, талшықтарды және майларды тұтынуды қоса алғанда, мектеп оқушыларының диетаға қатысты хабардарлығы артты. Оқушылардың өздері мектеп ортасына белсенді қатыса бастады, онда Комитет жұмысымен ынтымақтаса отырып, тамақтануды ұйымдастыруды жақсарту мәселелерімен жұмыс істей бастады. Комитеттің іс-шараларды жүзеге асыруы мектеп ортасындағы қарым-қатынасты жақсартуға мүмкіндік берді.

#### **Диссертация нәтижелерінің апробациясы**

Нәтижелер Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университетінің кафедралық отырысында және университеттің біріккен ғылыми мәселелік комиссиясында талқыланды, сонымен қатар, халықаралық ғылыми-практикалық конференцияларда баяндалды: 1. «Үздіксіз медициналық білімнің Интернационализациясы. Болашаққа көзқарас» атты «April'S Science Week» М. Оспанов ат. БҚМУ III Халықаралық ғылыми-оқу білімдік конференциясы, журнал «Panminerva Medica», индекстелген BIOSIS Previews, Current Contents, Clinical Medicine, EMBASE, PubMed, MEDLINE, Science Citation Index Expanded (SciSearch), Scopus (Impact Factor 2,102). - Ақтөбе, 2019; 2. «Актуальные вопросы медицины» и «Второй спутниковый форум пообщественному здоровью и политике здравоохранения» атты VIII

Халықаралық ғылыми-практикалық конференциясы. - Әзірбайжан, Баку, 2019;  
3. «Қазіргі заманғы медицина: жаңа көзқарас және өзекті зерттеулер». М. Оспанов ат. БҚМУ Халықаралық ғылыми-практикалық конференциясы. - Ақтөбе, Medicina (Kaunas);57 (Supplement 2):29, 2021,

### **Басылымдар**

Диссертация тақырыбы бойынша барлығы 17 ғылыми еңбек жарық көрді. Scopus (Elsevier) және Web of Science (Clarivate Analytics) мәліметтер базасына кіретін халықаралық журналындағы мақалалар: Open Access Macedonian Journal of Medical Sciences” for the nearest issue (E-ISSN: 1857-9655). - 2020. - Site Score - 0.7. - Percentile - 49 – 1; Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым Министрлігі Білім және Ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету Комитеті ұсынылған журналдардағы мақалалар – 3; Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциялардағы тезистер – 3; Ғылыми мақалалар мен тезистер – 4; Әдістемелік нұсқаулар – 1; Ғылыми-зерттеу жұмысын ендіру актілері – 4; Авторлық құқықпен қорғалатын объектілерге құқықтардың мемлекеттік тізілімге мәліметтерді енгізу туралы куәлік – 1.

### **Зерттеу нәтижелерін енгізу**

Денсаулықты нығайтуға ықпал ететін Мектеп қызметінің тиімділігін бағалау бойынша әзірленген іс-шаралар Ақтөбе қаласындағы №72 жалпы білім беретін мектеп мысалында оқушылар арасында денсаулық туралы сауаттылықты жақсартуға ықпал етті. «Балалар мен жасөспірімдер денсаулығын нығайтуға және тағамтану саласы бойынша сауаттылығын арттыруға ықпал ететін Мектеп» әдістемелік нұсқаулар әзірленді. Әдістемелік нұсқаулар Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университетінің оқу-әдістемелік кеңесінде бекітілді (хаттама №4.07.04.2021). Ақтау қаласы №28 мектеп, Ақтөбе қаласы №72 мектеп, Атырау қаласы №22 мектеп, және Орал қаласы №1 мектептерінен ендіру актілері алынды. Авторлық құқықпен қорғалатын объектілерге құқықтардың мемлекеттік тізілімге мәліметтерді енгізу туралы куәлік алынды.

### **Диссертацияның көлемі мен құрылымы**

Диссертация мазмұнынан, анықтамалар, белгілеулер мен қысқартулардан, кіріспеден, әдебиеттерге шолу, зерттеу әдістері мен материалдарынан, зерттеу нәтижелері мен талқылаулардан, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер және қосымшалардан тұрады. Диссертациялық жұмыс компьютерлік терімде 142 беттен тұрады. Құрылымы 38 кесте және 104 суреттен тұрады. Пайдаланылған әдебиеттер тізімі 140, 36 отандық, 39 ресейлік, 65 шетелдік ғылыми мақалаларын құрайды. Қосымшалар диссертация соңында тіркелген.